

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XXI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XXI САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 15

**ПАВЛОДАР
2021**

ӨОЖ 001
КБЖ 72
Ж66

Редакция алқасының мүшелері:

Муканов Р. Б., Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексеитов Т. К.,
Кислов А. П., Колесников Ю. Ю.

Жауапты хатшылар:

Азимхан А., Айтмагамбетова Г. А., Акимбекова Н. Ж., Альмишева Т. У.,
Амангельдинова М. М., Амерханова А. Х., Анарбаев А. Е., Аубакирова Д. Б.,
Байкен А., Бахбаева С. А., Джусупова Э. М., Досымжан А., Дюсова Р. М.,
Еликпаев С. Т., Ельмуратов Г. Ж., Жаябаева Р. Г., Жумабаева Г. М.,
Жумабекова Д. К., Жусупбаева Д. А., Зарипов Р. Ю., Исакова З. С., Кайдарова
Г. Ш., Камашев С. А., Каменов А. А., Капенова М. М., Кривец О. А.,
Куанышева Р. С., Молдакимова Г. А., Мусаханова С. Т., Муталиева Р. М.,
Мухтизарова М. Б., Нуркина Н. А., Ордабаева Ж. Е., Рахимов М. И., Савчук М. И.,
Садыккалиев А. М., Салимова Р. С., Смагулова Б. Т., Тайболатов Қ., Ткачук А. А.,
Урузалинова М. Б., Шабамбаева А. Г.

Ж66 «XXI Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен
мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары. – Павлодар :
Toraighyrov University, 2021.

ISBN 978-601-345-167-1 (жалпы)
Т. 15 «Жас ғалымдар». – 2021. – 446 б.
ISBN 978-601-345-181-7

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӨОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-181-7 (Т. 15)
ISBN 978-601-345-167-1 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2021

6 секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары
6 секция. Гуманитарные и социальные науки

6.1 Орыс филологиясы
6.1 Русская филология

**ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА
«КРАСОТА» В РУССКОЙ ПАРЕМИОЛОГИИ**

БАЛГАБЕКОВА Д. И.
магистрант, 1 курс, кафедра «Иностранная филология»,
Торайғыров университет, г. Павлодар
НЫГМЕТОВА Б. Д.
к.ф.н., доцент, Торайғыров университет, г. Павлодар

В нашей работе мы рассматриваем лингвокультурные особенности концепта «красота» в паремиологии русского языка. Актуальность нашего исследования заключается в том, что изучение языковых средств, обозначающих результаты оценочной деятельности, согласуется с антропоцентрическим принципом, выдвигающим аксиологическую деятельность в центр научных интересов [1, 3].

В нашей работе мы разделяем точку зрения И. Р. Гальперина о том, что в отдельном самостоятельном предложении нет смысла, т.к. оно не соотносено с текстом и поэтому должно рассматриваться как строительный материал языка [2, 20]. Афоризмы и пословицы представляют собой тексты, несмотря на краткость оформления (преимущественно одно предложение), при этом мы придерживаемся следующего понимания текста – «коммуникативно-ориентированный, концептуально обусловленный продукт реализации языковой системы в рамках определенной сферы общения, имеющий информативно-смысловую и прагматическую сущности» [3, 21].

Среди русских пословиц, связанных с концептом «красота», можно выделить две группы. В первую из них входят пословицы, представляющие красоту в активном виде, во вторую - в пассивном. Пословицы первой группы представляют «красоту» как начало, независимое от человека и играющее во взаимодействии с ним активную роль: например: *Снаружи красота, внутри пустота.*

Кетикова Ж. Т.	
Оқушылардың эссе жазу дағдыларын дамыту жолдары	261
Қопаева Ә. Қ., Машрапова З. С., Қадырова Б. М.	
Юмористикалық дискурс: лингвокоммуникативтік ерекшелік	266
Қайратова Н. Қ.	
Көне түркі жазуының фонетикасы	271
Қанатқызы Б., Муталиева Р. М.	
Қазіргі қазақ прозасындағы юмордың берілуі	276
Қанатқызы Б., Муталиева Р. М.	
Юмор – көркем шығармадағы мазмұнды беру тәсілі	282
Құмар Л. Қ., Қадырова Б. М.	
Ою-өрнек – қазақтардың сәндік тілі	289
Машрапова З. С., Қопаева Ә. Қ., Тұрышев А. Қ.	
Когнитивті зерттеулер және нейролингвистика	294
Мусабекова А. А.	
Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру	302
Найзабекова А. Т.	
Ә. Марғұлан – фольклортанушы ғалым	306
Өсербайұлы Е.	
Б. Кенжебаев – фольклортанушы ғалым	310
Өсербайұлы Е.	
Б. Кенжебаев – эпостанушы ғалым	315
Рахатжанұлы Е.	
Оралхан Бөкеев шеберлігі	319
Рахатжанұлы Е.	
О. Бөкей – сөз шебері	323
Рахметжанова З. Т.	
Тіл біліміндегі прецедент ұғымы	328
Карипжанова А. О., Рахметжанова З. Т.	
Прецеденттік есімдердің лингвомәдени сипаты	334
Сақ Д. Ү., Муталиева Р. М.	
1920-1930 жылдар прозасындағы кейіпкерлер	339
Асқарова А. Ш., Саметова А. Ж.	
Қазақ аңыздық прозасындағы мифологиялық кейіпкерлердің түрлері	344
Саратекова К. К.	
Қазақ әдебиетінде «Еңлік-Кебек» сюжетінің таралуы	347
Саят М. С., Ныгметова Б. Д.	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері	352
Сейлбеков Н. А.	
XXI ғасырдағы қазақ ақындарының тақырыптық ерекшеліктері	357
Суюндиқова М. М.	
Жобалай оқыту технологиясы – инновациялық әдіс	360

Тілейхан А., Қапасова Б. Қ.	
Қазақ тілі және ұлтаралық қатынас тіл белгілері	365
Дәрібаев С. Д., Тінікүл З. Н.	
Қазақ прозасында бейнеленген сакралды-ғұрыптық орындардың көрінісі	371
Токошбекова Г. К.	
Медеу Сәрсекеевтің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесін мектепте оқыту	380
Төлепбергенқызы О.	
Қала мен ауыл тілін лингвомәдени тұрғыдан зерттеудің теориялық негіздері	385
Тугаева А., Қапасова Б. Қ.	
І. Жансүгіров прозасындағы көнерген сөздер	389
Унййбаева А. Ж.	
Тілдегі өзгерістердің қоғамға тікелей әсер етуі	396
Урустымова А. А.	
М. Мақатаевтың шеберлігі	401
Шайхина Ж. С., Шаймерден Н. Ж.	
Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушыларды сын тұрғыдан ойлауға үйретудің әдіс-тәсілдері	405

6.3 Денешынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері 6.3 Актуальные вопросы физической культуры и спорта

Темиргалиева С. Е., Айгужинова Г. З.	
Денсаулық дұрыс тамақтану кафесінің ашылуы	409
Темиргалиева С. Е., Ерофеева Р. Ж., Жильгельдинов С. Е., Айгужинова Г. З.	
Психологические факторы и искусство самоконтроля в спорте	412
Бихиянов С. А.	
Футбол ойынының әдістемесі	416
Ерофеева Р. Ж., Аблеев Ж. Ш., Темиргалиева С. Е.	
Формирование коммуникативных способностей у детей младшего школьного возраста на уроках физической культуры	421
Жунусова Л. Е.	
Современный спортсмен и предстартовые состояния	427
Зеронина Р. А., Лебедева В. И.	
Причины нарушения осанки у младших школьников	432
Купряшина Т. Ю.	
Спортивно-массовые, физкультурно-оздоровительные мероприятия, как условия патриотического воспитания школьников	436

«Айдарбек бүгін көп ұрған жоқ, бірақ таяқтан он есе артық талақты шығарды. «Мен сені көрмеймін, мен талақ» деп айтып салды. Зейнеп, енді жібі еріксіз үзілді деп жатыр. Байының бір жетіден бері ұрысқаны, желкеге бірер түйгені - әлдеқашан ұмытылған. Есі-дерті жалғыз талақ» [2, 121 б.].

Қазақ прозасындағы шығармаларға зер салсақ, юмор шығармадағы деталь ретінде екінші бір зт пен құбылысты, оқиғаны алмастырып, ең негізгі шешеуші ретінде рөл атқаратыны жиі кездеседі. Соның мысалына Д. Исабековтің «Талахан – 186», Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдатындағы» «қашып келем, қашып келем...» деп басталатын кейіпкер күйін келтіруге болады.

Қорыта келгенде, қазақ прозасындағы юмордың берілу тәсілдерін біз 5 топқа бөліп қарастырдық. Бұл прозадағы юморды берудің ең негізгілері деп алдық. Юмор – әдебиеттегі ең бір көркем де бейнесі тәсілдердің бірі. Әрі юморлық шығарма, юмормен астасқан оқиға оқырман үшін де қабылдауға жеңіл, көңіл күйін көтеріп, әр іске, қоғам мен тұрмыстағы қиыншылықтарға өткінші ретінде қарауға жағдай жасайды. Сондықтан да юморлық шығармалардағы күлкінің берілу тәсілін бір ғана 5 тәсілмен ғана болады деу дұрыс емес. Біз қазақ прозасындағы көп қолданылатын тәсілдерге назар салып, соны талдауды дұрыс деп шештік. Қазақ прозасындағы юмор – қаламгердің көркемдік ойды беруі. Суреткер юморлық оқиғаны араластыра отырып, көркемдікті күшейтеді. Оқиғаны әрлейді, қоғамды неғұрлым нақты суреттей түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1991. 2- кітап. – 481 б.
- 2 Майлин Б. Шығармалары. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1987. – 336 б.
- 3 Мүсірепов Ғ. Шығармалары. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1987. – 476 б.
- 4 Исабеков Д. Шығармалары. Т. 1 – Алматы: Жазушы, 1995. – 402 б.

ОЮ-ӨРНЕК – ҚАЗАҚТАРДЫҢ СӘНДІК ТІЛІ

ҚҰМАР Л. Қ.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Орта ғасырда Қазақстан кеңістігінде ою-өрнек арқылы берілген сәндік тіл қалыптасты. Сәндік тіл дейтініміз, ою-өрнек тек әшекей емес. Ата-бабаларымыз ою –өрнекті жайдан-жай сала бермеген. Ол арқылы белгілі бір ұғымды білдірген.

Ою-өрнек – бұл көптеген ресми белгілердің жүйесі. Көбінесе ою-өрнек зооморфты, гүлді, геометриялық болып бөлінеді. Бұл топтарға антропоморфты, әріптік және космогониялық ою-өрнектер қосылады. Бірақ мұндай жіктеу қазақ ою-өрнегіне аса келе бермейтіні, дұрыс еместігі айтылады зерттеулерде.

Зерттеулерде қазақ ою-өрнектері үшін физиоморфты және биоморфты ою-өрнектерді бөлген ағылшын ғалымы А. Хеддонның классификациясы анағұрлым сәйкес келетіндігі, бұл мотивтер бейорганикалық және органикалық деп аталатыны және оларға аралас түрді қосуға болатындығы, ою-өрнектің мұндай типологиясы әмбебап, яғни әртүрлі мотивтерді қамтитыны және олардың жіктелуі негізгі ерекшеліктерін білдіретін қазақ ою-өрнегінің жіктелуіне сәйкес келетіндігі айтылған.

Қазақтың сәндік өнері туралы алғашқы жазбаша сілтемелер XVI ғасырдың басына жатады. Одан беріде қанша зерттеулер жазылды. Неміс ғалымы Р. Карутцтың еңбегін ерекше айтуымызға болады. Ол қазақ даласына мақсатты түрде барып осы ою-өрнектерді зерттеген. Оның есімі ою-өрнектерді алғаш зерттеген авторлардың бірі ретінде аталады. Оған себеп Р. Карутцтың «Маңғышлақтағы қырғыздар мен түркімендер арасында» атты еңбегі болса керек [1].

Кеңестік кезеңде Ә. Марғұланның басшылығымен республикада қазақ халқының тарихы мен мәдениетін толық зерттеу басталады. Қазақ ою-өрнегі түбегейлі жан-жақты, толыққанды зерттелді деп айтуға болмайды. Ою-өрнек өнерін белгілі бір жүйеге келтіруге Садық Қасиманов пен архитектор – Төлеутай Бәсенов атсалысып біраз деректер қалдырды. Садық Қасиманов 191 -ге жуық ою-өрнектің этноатауларын қағазға түсіріп, 57-ге жуық ою-өрнектің мазмұнын ашып берді, сондай-ақ 14-ке жуық ою-өрнектердің нобайын сызып қалдырды. Архитектор – Төлеутай Бәсенов ою-

өрнектердің даму тарихын сараптап, өсімдік элементтерінің жаңа үлгілерін сызды [2].

Сәндік-қолданбалы және ою-өрнек өнерін зерттеуге қазақстандық зерттеушілер үлкен үлес қосқан. Олардың қатарында Т. К. Басенов [2], Х. Арғынбаев [3], М. Ш. Өмірбекова [4], С. Төленбаев [5], С. Қасиманов [6], Ұ. М. Әбдіғаппарова [7], Б. Ибраев [8], К. Ибраеваларды [9] атауымызға болады. Олар қазақ ою - өрнегінің пайда болуы мен дамуының ғылыми негізделген көрінісін берді, оның құрылу заңдарын, симметрияның мәнін, фон мен суреттің тепе-теңдігін ашқан.

Ою-өрнек тақырыбына біраз зерттеулер жазылғанымен, қазақтың ұлттық ою-өрнегін зерттеу толықтай аяқталды деп айта алмаймыз. Зерттеулер қатары күні бүгінге дейін толығуда.

Қазақ ою-өрнегінің мотивтері өте көп және әртүрлі, олар әр түрлі дәуірлер мен стильдердің ерекшеліктерін тек формада ғана емес, сонымен қатар орындау техникасында да сақтайды. Көшпенділікпен өмір сүрген қазақтың әр баласы ою-өрнектің мәні мен мағынасын жақсы білетін. Өкінішке орай, бүгінде жақсы шеберлер болғанымен, Қазақстанда ұлттық ою-өрнектің семантикасын жақсы білетіндер жоқ. Сол жайында зерттеулер жазып, арнайы шұғылданып жүрген ғалымдар болмаса, қолданыстағы ою-өрнектің семантикасын кәсіптерінде қолданып жүрген шеберлердің өзі терең түсіне бермейді. Көнекөз қариялар болмаса, бүгінгі ұрпақ оны тек әшекей, әсемдік ретінде ғана қабылдайды. Зерттеулерге сүйенсек, 200-ге тарта өрнек бар екен. Солардан тек 50-ге жуығы ғана қазіргі кілем тоқуда қолданылады екен. Сол елу ою-өрнектің де семантикасы барлығына бірдей түсінікті емес. Сондықтан еліміздегі маңызды міндеттердің бірі ретінде халқымыздың ежелгі мұрасын жандандыру, сақтау, зерттеу және насихаттау. Осы тұрғыдан келгенде, ою-өрнектерді жай ғана әсемдік үшін емес білдіретін мағынасына сай қолданысты жүзеге асыру. Сол арқылы ұлттық құндылықтарымыз мен мәдениетімізді бүгінгі ұрпаққа насихаттап, өлмейтін мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне мұрындық болуға тиіспіз. Себебі ұлттық ою-өрнек қазақ халқының көркем шығармашылығының ең жарқын бөлімдерінің бірі және рухани өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол халықтың өмірімен, салт-дәстүрлерімен тығыз байланыста ұрпақтар сабақтастығы, жақсы дәстүрлі және көркемдік формаларды сақтау мен дамыту негізінде дамыды. Оның ірге тасының қалануы алысқа, ежелгі дәуірлерге кетеді.

Қазақтың ұлттық киімі мен зергерлік әшекейлерінде қолданылатын ою – өрнектердің семантикасына назар аударсақ. Ежелгі шеберлер ою-өрнектің адамға күшті эмоционалды әсер ететінін білді, ол қуаныш пен қайғы, махаббат пен бақыт сезімдерін жеткізуге тән болды. Ою-өрнектердің барлығы дерлік өз уақытында белгілі бір жолмен «оқылды». Кез-келген көшпенділер бала кезінен ою-өрнектің символизмін білді және оның мағынасын оңай шеше алды. Мысалы, киіз үйге кіре отырып, есік төбесінің үстіндегі ою-өрнекті көреміз. Оның мағынасы: «бұл үйдегі от ешқашан сөнбесін!» [10, 90 б.].

Ою-өрнек тек тұрмыстық заттарда ғана емес, оны ерлер мен әйелдердің және балалар киімдерінен көруге болады. Киім адамның әлеуметтік жағдайынан хабар беріп тұрады. Ою – өрнектер де сол әлеуметтік мәртебеге сай салынған. Бай немесе жарлы, жас немесе кәрі. Тіпті қай рудан шыққанынан да хабар берген. Сол арқылы тұлғааралық қарым – қатынас орнатуға көмектескен. Қыздар мен ұлдардың киімдеріне салынатын оюлар да ерекшеленген.

Г. І. Потанин: «Қазақ ою-өрнегі үй жиһазының барлық санылауларына енеді; киіз үйде жұмыс істейтін үй иесінің арқасында киіз үйдің бірде-бір сынығы, бірде-бір тері тілімі, бірде-бір ағаш бетінің оюсыз ұшы жоқ. Еңбекқор қырғыздың данышпаны киіз үйді сурет галереясына, дәлірек айтқанда ою-өрнектер көрмесіне айналдырды» деген [10, 100-101 б.].

Осындай ою-өрнектің семантикасы мен символизмін көшпенділердің балалары да жақсы білген. Бүгінгі таңда, өкінішке орай, Қазақстанда ұлттық ою-өрнек жасаудың ескі құпияларын түсінетін және оның мағынасын толық білетін шеберлер жоқ десек те болады. Бүгінде қазақ халық шығармашылығын сақтау мәселесі өте өткір тұр. Сәндік – қолданбалы және ою-өрнек өнерінде қолданылатын бай дәстүрлер мен дағдыларды жоғалтып ала жаздадық. Мысалы, бүгінде кілем тоқу кезінде бұрын қолданылған екі жүзден астам ою-өрнектен тек елу шақтысы қолданылады екен. Сондықтан рухани жаңғыру аясында алдыда тұрған маңызды міндеттерінің бірі бұрынғысынша қазақ халқының көркем мұрасын жаңғырту, сақтау, зерделеу және насихаттау болып табылады.

Ою-өрнек атауларын түгел қамтып, олардың әрқайсысына жеке атау беру мүмкін емес, әр шебер өзі жасаған ою-өрнекке өзі атау береді. Сол ою-өрнектің пайда болу тарихын оюшы шеберден артық ешкім білмейді

Уақыт өте келе адамзат мәдениеті тарихында адамның өмір сүру кеңістігін бейнелейтін ою-өрнек жасау үшін адам табиғи материалдарды өңдеудің әдістері мен технологияларын қолданды. Оған археологиялық зерттеулер арқылы көз жеткізуге болады.

Қазақтың «ою» және «өрнек» деген сөзі бірігіп келіп, латынша «орнамент» деген ұғымды білдіреді [10]. Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин, мағынасы сәндеу, әсемдеу деген. П. Флоренскийше айтсақ, «Ою-өрнек дегеніміз тек жеке заттар мен жеке қатынастарды емес, болмыстың кейбір әлемдік формулаларын көрнекі түрде бейнелейді».

С. А. Есенин ою-өрнек жөніндегі ғалымдардың еңбектерімен жақсы таныс, ол ою-өрнектің тек адам жанындағы орнын, сонымен бірге ғаламмен үндестіктің сыртқы белгісі ретінде анықтаған. «Ою-өрнек - бұл музыка. Оның шумақтарының қатарлары ең керемет және өте нәзік үлестірулерде ғаламға дейінгі мәңгілік әннің әуеніне үксас» деген екен.

Ою-өрнек – ежелгі уақытта символдық және сиқырлық мағынасы, белгісі, семантикалық функциясы бар адамның бейнелеу іс-әрекетінің ең көне түрлерінің бірі. Ою-өрнек зерттеушілері оның жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болды деп есептейді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан мұраның бүгінгі күнге жетуіне халық шеберлерінің қосқан үлесі айтарлықтай. Шеберлер қолынан шыққан көз тартарлық өнер туындыларының эстетикалық маңызы, тәрбиелік мәні зор.

Сонымен қатар ол ата-бабаларымыздың тұрмыс тіршілігінің табиғатпен байланысын, салт-дәстүрін көрсетеді. Қолөнер халықтың тұрмыс тіршілігімен тікелей сабақтас болғандықтан, қашан да адамға жақын әрі түсінікті.

Қолөнер туындылары жастарды әдемілікке, сұлулықты көре білуге тәрбиелейді және эстетикалық талғамын ортаға деген көзқарасын қалыптастырады, ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал жасайды.

Қазақ ғалымы Т. Бәсенов былай дейді: «Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеушілер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, буржуазиялық жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілі мен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік

таппауы көптеген бұрмалаушылықтарға, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды» [2].

Қазақ халқымыздың көне дәуірлерден өшпес мұрасы болып ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, тізгінің ұшында өзіндік тарихынан әдет – ғұрыппен сәндік көркемдік жолмен көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзіндік ерекшелігімен таныта білген – қолөнер.

Қазақ ою-өрнегі – ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қол өнері саласын алсақ та, ою-өрнектердің өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларындағы элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін тұспалдап тұратыны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Изд. 2. – М., – 189 с.
- 2 Бәсенов Т. К. Орнамент Казахстана в архитектуре, Алматы, 1957 г.
- 3 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. – 121 б.
- 4 Өмірбекова М.Ш. «Энциклопедия» Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2003. – 284 б.
- 5 Төленбаев С., Өмірбекова – «Қазақтың ою-өрнегінің жасалу жолдары», Алматы, 1993 ж.
- 6 Қасиманов С. «Қазақтың қолөнері» - Алматы: Қазақстан 1995. – 240 б.
- 7 Әбдіғаппарова Ұ. М. – Қазақтың ұлттық ою-өрнектері, Алматы, 1999.
- 8 Ибраев Б. А. К8осмогонические представления наших предков // Декоративное искусство. – 1980. № 8. С. 40 – 45.
- 9 Ибраева К. Т. Казахский орнамент. Алматы: Өнер, 1994. – С. 128.
- 10 Ақайқызы З. «Ою-өрнек ой айтар» (Монғолия қазақтарының ою-өрнектері мен қолөнері), Алматы, 1996. – 48 б.